

Нұр-Сұлтан қаласында жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстau ісін үйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 459/58-VI шешімі. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 1254 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 76/9-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 29.09.2023 № 76/9-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 48 бүйрүғына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары бекітілсін.
2. Аталған шешім оның бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткесін әрекетке енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрагасы*

A. Аюпов

*Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы*

M. Шайдаров

*Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының
2019 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 459/58-VI шешіміне
қосымша*

Нұр-Сұлтан қаласында жерлеу және зираттарды күтіп-ұстau ісін үйымдастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Нұр-Сұлтан қаласында жерлеу және зираттарды күтіп-ұстau ісін үйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 48 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізбесінде № 18771 болып тіркелген) бекітілген Жерлеу және зираттарды күтіп-ұстau ісін ұйымдастырудың ұлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген және жерлеу және зираттарды күтіп-ұстau ісін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

Зираттарды күтіп-ұстauға және пайдалануға, мәйіттерді жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 138 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10646 болып тіркелген) бекітілген "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларымен айқындалады.

2. Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жерлеу – санитарлық, табигатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыптарға және салт-дәстүрлерге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін, мұрдесін) жерге (қабірге, табытқа) жерлеу немесе сүйегі (кулі) бар жәшікті қабірге, лақатқа жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері;

2) зират – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін жерлеу орны;

3) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін арнайы бөлінген аумак;

4) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстau және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-әкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

5) қайтыс болу фактін тіркейтін органдар – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган.

2-тaraу. Жерлеу үшін орын бөлу тәртібі

3. Жергілікті атқарушы органдар зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер участкесін тегін бөледі.

4. Зират қорымының аумағы қабірлерге арналған қатарларға бөлінетін участкелерден тұрады және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират участкелеріне өтетін жолдармен жайластырылады.

3-тaraу. Қайтыс болғандарды жерлеу тәртібі

5. Жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болу фактісін тіркейтін орган берген қайтыс болу туралы күелік ұсынылғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

6. Әрбір жерлеу зират қорымының әкімшілігі жүргізетін, мынадай мәліметтерді:

жерлеу жылын, айын, күнін;
қабірдің нөмірін;
қайтыс болған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда);
туған және қайтыс болған күнін;
қайтыс болу себебін;
қайтыс болу туралы күеліктің нөмірін, күнін және кім бергенін;

марқұмның жақын туыстарының тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірін (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күнін және нөмірін, мекенжайын, туыстары болмаған жағдайда – жерлеуді жүргізген адамның мекенжайын не жерлеуді жүргізген ұйымның атауын, бизнес-сәйкестендіру нөмірін, мекенжайын қамтитын есепке алу кітабына тіркеледі.

7. Жақын туыстарының тілегі бойынша қайтыс болған адамды (мұрдесін) бұрын қайтыс болған жақын туысының жаңында жерлеу көрсетілген жерде бос жер участесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

8. Табылған қайтыс болғандар денелерін (қайтыс болғандар денелерінің жеке бөліктерін), суға кеткендерді, үйлерінен тыс жерлерде кенеттен қайтыс болғандарды, сот-медициналық зерттеуден кейін мәйітханада тұргандарды жерлеу оны ұйымдастыруды өзіне ала алатын туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған жағдайда қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органға жүктеледі.

Жерлеу туыссыз адамдарды жерлеуге арналған бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

9. Қолданыстағы және жабық зираттарда, мынадай жағдайлардан басқа:

зираттың немесе оның участесін уақытынан бұрын жою;

Қазақстан Республикасының басқа жерлерінде немесе одан тыс жерлерде қайта жерлеу үшін жекелеген қорымдардан мұрделерді тасымалдау кезінде мұрделерді қайта жерлеуге жол берілмейді.

10. Эксгумация 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

4-тaraу. Қабірлерді жобалау және салу

11. Қабірлердің участекелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды.

12. Қабірдің терендігі топырақтың сипатына және топырак асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады.

Аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің терендігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 см қабатпен хлорлы әк салынады.

13. Өрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

5-тaraу. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау

17. Жерлеуге бөлінген участке шекарасында:

табиғи тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштері мен құрылыштарды, гүлзарлар мен орындықтарды орнатуға;

қабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан жасыл қоршау отырғызуға рұқсат етіледі.

18. Зираттарды одан әрі күтіп-ұстауды жақын туыстары тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

19. Жерлеу участекесінен тыс жерлерде ескерткіштер мен құрылыштарды орналастыруға, үстелдерді, орындықтарды және құрылыштарды орнатуға жол берілмейді.

20. Зират қорымдарының аумағын (өтпе жолдарды, соқпақтарды, гүлбақтарды, көгалдарды, кәріз, электр және су құбыры желілерін және құрылыштарды) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы орган күтіп ұтайды.